ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ**1. Лексика-грамматикалық минимум әзірлеудің өзектілігі мен маңыздылығы, қазақ тілін оқыту әдістемесі мәселелері**

Тілдерді оқытудағы халықаралық тәжірибеде қарапайымнан жоғары деңгейге дейін арнайы сөздікқор мен грамматикалық құрылымдарды қолдану стандарттары қалыптасқан. Мемлекеттік тілді халықаралық стандарттарға сай жетілдіру мақсатында қазақ тілінің сөздікқорын бір ізге түсіру, әр деңгей аясында қолданылатын лексикалық минимум мен грамматикалық құрылымдарды іріктеу осы бағытта түбегейлі ғылыми зерттеулер жүргізіп, қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, тың тұжырымдар мен оқу-әдістемелік өнімдер жасау – бүгінгі күнде өзекті мәселелердің бірі.

Тілді екінші тіл ретінде оқытудың әдістемелік жүйесі халықаралық тіл қатарына көтерілген ағылшын, араб, француз т.б. тілдерде қалыптасқан, біріздендірілген. Түркі тілдері арасында түрік тілін оқытудың жүйелі әдістемесі қалыптасқан. Ал қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі әлі қалыптасу, даму үстінде.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесінің қалыптасуы мен дамуы жалпы тіл оқыту әдістемесі тарихының маңызды саласы болып есептеледі. Бұл тұрғыда қазақ тілін оқыту әдістемесінің алғашқы іргетасын қалаушылар қатарында Ыбырай Алтынсариннің есімі ерекше аталады. Оның ізін ала Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауытұлы және Міржақып Дулатұлы секілді қазақ зиялылары қазақ тілін ұлт мектептерінде оқыту әдістемесін дамытуға, сондай-ақ өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін меңгертудің тиімді жолдарын ұсынуға елеулі үлес қосты.

Келесі кезеңде Т. Шонанов, Ш. Сарыбаев, С. Жиенбаев сияқты белгілі әдіскер ғалымдардың оқулықтары мен әдістемелік еңбектері жарық көрді. Осылардың ішінде жекелеген еңбектерге тоқталар болсақ, қазіргі лексикалық, грамматикалық минимум әзірлеуде Т. Шонановтың «Самоучитель киргизского языка для русских» еңбегінде алғаш рет лексикалық минимумды оқыту әдістемесі қарастырылғаны байқалады [1]. Бұл оқу құралында автор әрбір сабаққа арнайы 10 жаңа сөзді қосып, оларды жүйелі түрде үйретуді ұсынады. Жалпы, оқу құралы 94 сабақтан тұрады және әр сабақтағы үйретілетін сөздер оқушылардың қазақ тілін меңгеруіне бағытталған. Мұндай тәсіл жаңа лексиканы кезең-кезеңімен енгізіп, оны тиімді игеруге мүмкіндік береді. Бұл ұстанымды шет тілін оқытатын әлемдік ғалымдар да пайдаланады. Әр сабақта сегіз немесе оннан артық сөз жатталмайды, тіл үйренушінің есінде қалмайды деген уәж айтылып жүр. Бұл еңбектің тағы бір ерекшелігі – алғаш рет қазақ тілінің грамматикасын біріздендіру қолға алынғандығында. Автордың айтуынша, пассивті құрылымдардан гөрі күнделікті тұрмысқа қажетті белсенді грамматиканы қолдану тиімді. Ғалым «Қазақ тілінің оқу құралы» еңбегінде грамматиканы арнайы кесте түрінде беріп, әр тақырып бойынша сөздікті әліпбилік реттілікпен ұсынады [2]. Автор қазақ тілін үйретуде оқылым, жазылым, сөйлесім дағдыларын барлық сабақта ескеріп, тапсырмаларды тұрмыстық тақырыптар аясында қолдануға тырысқан.

Қазақ тілінің әдістемесін қалыптастыруда М.С. Лапатухиннің «Очерки по методике казахского языка в русской школе» атты еңбегінің рөлі айрықша. Әдіскер ғалым бұл еңбегінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің маңызды қырларын ашып көрсеткен [3]. Әсіресе, лексиканы оқытуда ол әр сабақта жаңа сөздерді (4-5 сөз, максимум 8 сөзден аспауы тиіс) үйрету қағидатына ерекше мән берген. Бұл тұрғыда ғалым лексиканы екіге бөліп қарастырады: белсенді және белсенді емес сөздік қор. Оның пікірінше, тіл үйренуші жаңа тақырып бойынша меңгерген сөздерді тек тыңдап немесе жаттап қана қоймай, оларды күнделікті қарым-қатынаста белсенді түрде қолданғанда ғана ол сөздер белсенді лексикаға айналады.

Сонымен қатар М.С. Лапатухин сөздердің тіркесімдік қағидатына назар аударады. Ол белгілі бір сөздерді үйрену барысында олардың жиі қолданылатын тіркестерін де меңгеру арқылы тіл үйренушінің сөздік қорын байытуға болатындығын атап көрсетеді. Бұл әдіс оқушылардың жаңа сөздерді табиғи сөйлеу ортасында қолдануға үйретуге ықпал етеді. Ғалым «грамматикаға дейінгі кезең» ұғымын енгізіп, тіл үйренудің алғашқы алты айын (шамамен A1 және A2 деңгейлерін) ерекше бөліп қарастырған. Бұл кезеңде ол дайын грамматикалық құрылымдарды үйретуге басымдық беруді ұсынады. Мұндай әдістеме тіл үйренушілерге грамматикалық ережелерді талдауға уақыт жоғалтпай, сөйлеу дағдыларын ертерек қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі шет тілдерін оқыту тәжірибесі бұл тәсілдің тиімді екенін көрсетіп отыр.

Ш. Сарыбаевтың «Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту тәжірибесінен» атты еңбегі қазақ тілін оқытуда сұрақ-жауап әдісінің тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдей отырып, оқу материалдарын оқушылардың сапалы, жүйелі және тиянақты түрде меңгеруіне ықпал етті [4]. Бұл еңбектің ерекшелігі – өзге ұлт өкілдеріне арналған алғашқы қазақ тілі оқу-әдістемелік құралдарының бірі болуында.

1990 жылы қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесін алғаннан кейін қазақ тілін оқытуға көзқарас өзгере бастады. Осы уақытқа дейін қазақ тілін өзге ұлт өкілдерін оқытуға арналған бірнеше бағдарламалар жарияланды. Бағдарламалардың алдыңғы қатарында тұрған 1987 жылы профессор Н.Оралбаеваның авторлығымен шыққан «Қазақ тілін үйрену курсының программасы» болды [5, 75]. Осы бағдарламаның негізінде 1996 жылы «Ана тілі» баспасынан «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқулық жарық көрді [6, 20]. Оқулықта қазақ тілін орыс мектептерінде оқытудың лингвистикалық, психологиялық, дидактикалық негіздері, тарихи дамуы қарастырылған. Қазақ тілі әдістемесі пәні, оның міндеттері, мақсаттары, қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқыту әдістері, сабақтың құрылымы мен түрлері жүйелі, анық, нақты түрде берілген. Сонымен қатар мұнда тілдік материалды ғылыми принцип негізінде таңдау және сұрыптауда:

- 1) сөздердің қолданылу жиілігі;
- 2) сөздердің жеңіл-қиындығы;
- 3) сөздердің синонимдік сипаты;
- 4) сөздердің тақырыпқа сәйкестігі;
- 5) екі тілге ортақ сөздердің енгізілмеуі;
- 6) сөздердің сөзжасамдық қабілеті;
- 7) тілдің дыбыстық ерекшелігін қамтуы;
- 8) сөздің оқушының психологиялық ерекшелігіне сәйкестігі;
- 9) сөздің оқулықта қайталану жиілігі қасиеттеріне ерекше көңіл бөліну қажеттігі атап көрсетілген [6, 22].

Бүгінде Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан, тіл үйренушілердің деңгейін ескере отырып, оларды бірнеше топқа (бастауыш және жалғастырушы деңгейлер т.б.) бөліп оқыту қажет. Мұндай тәсілді алғаш рет бастауыш деңгейге арналған «Қазақ тілі» оқулығында Ш. Бектұров пен А. Бектұрова ұсынған болатын [7, 240].

1998 жылы Т. Аяпованың «Қазақ тілі» деп аталатын үш кітаптан тұратын кешенді оқулығы шықты. Автордың пікірі бойынша оқулық АҚШ-та басылған «70 қадам арқылы қазақ тілін үйреніңіз» атты оқулықтың жалғасы болып саналады. Оқулықтың мақсаты – «бүкіләлемдік ең өзекті және ұтымды оқыту әдістерін қолдана отырып, оқушы білімін тереңдетуге көмектесу және сөйлеуге үйрету» [8]. Ғалым да тіл үйренушінің тілдік деңгейін басты бағдарға ала отырып: лексика мен грамматиканы деңгейге сай меңгертудің нәтижелі болатынын атап өтеді.

Қазақ тілін тек қазақстандықтар ғана емес, кейінгі кезде шетел азаматтары да үйренуге

талпыныс жасауы тіл оқытудың әдістемесін таяу уақытта біріздендіруді талап етеді. Сондықтан әлемдік тәжірибелерді де зерттеп, озықтарын қолданысқа енгізу, олардың жүріп өткен жолынан сабақ алу сынды мақсатта шетелдік бағдарламалар мен құжаттарды, оқулықтарды зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Қазіргі таңда қазақ тілін оқытуда тілді деңгейлеп оқыту қолға алынуда. Осы тұста тіл үйретудің халықаралық стандарты CEFR-ді басшылыққа алу орынды деп танылады [9]. Әсіресе, сөздікқор мен грамматиканы жүйелі меңгерту мақсатында аталған құжатты басшылыққа алуға толық негіз бар. Онда тіл үйретуде студенттің қандай деңгейде және қанша көлемде білім мазмұнын меңгеріп шығатындығы анық көрсетілген. Сондай-ақ бұл құжатты ағылшын ғалымдары лексикалық, грамматикалық минимум құрастыру арқылы тарқата түседі. Бұдан шығатын қорытынды, тілді үйретуге арқау болатын негізгі материал – деңгейге сай жасақталған лексикалық қор мен грамматикалық минимум.

Бұл бағытта Эрик Гуннемарктың «Тілдерді оқыту өнері» еңбегі тілдерді үйрету үдерісіне қатысты көптеген ғылыми тұжырымдамалар мен ұстанымдарды қамтиды. Мәселен тіл білу деңгейі, тілдік құрылымдар, лексикалық бірліктер мен мәдениетаралық қарым-қатынас маңыздылығы басты назарда ұсталады. Ғалым өз зерттеулерінде лексикалық минимумдарды әзірлеуде тіркесімділік пен қолдану жиілігін ескере отырып іріктеуді ұсынады. Сонымен қатар, ғалым қарапайымнан күрделіге қарай біртіндеп өтуді, яғни лексиканы кезең-кезеңімен меңгеру әдісін қолдайды. Ол бұл тәсілдің тіл үйренушіге қарапайым құрылымдар мен сөздерді біртіндеп меңгеруге, осылайша сөздік қорын жүйелі түрде кеңейтуге мүмкіндік беретінін тұжырымдайды. Э. Гуннемарк тілді пассивті түрде үйренудің орнына, тілді белсенді түрде қолданғанда ғана нәтижелі болатындығын атап өтеді. Тіл үйренушілерді тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларын бірдей дамыту керектігін және жоғарыда көрсетілген тілдік дағдыларды үнемі қолдану сөздікқор мен грамматиканы үйренуде маңызды екенін өз зерттеулерінде көрсетеді. Э. Гуннемарктың жоғарыда көрсетілген ұстанымдары тіл үйрету үдерісін жүйелі түрде жоспарлау мен оны тиімдірек жүргізуде септігін тигізеді.

Сонымен қатар ғалым ауызекі сөйлеу тіліндегі сөздікқорды көрсете отырып, күнделікті ең жиі қолданатын 40 сөздің жалпы қарым-қатынасқа түсетін сөздікқордың 50%-ы деген тұжырым жасайды: «200 сөз – 80%, 300 сөз – 85%, 400 сөз – 90%-ды қамтиды, ал күнделікті тұрмыста қолданылатын 800-1000 сөз – 95%-ды құрайды [10]. Бұл тіл үйренуші күнделікті тұрмыста 200-ден көп сөз білсе, қарапайым ақпаратты түсініп, жауап та бере алады дегенді білдіреді.

Лексикалық, грамматикалық минимум әзірлеуде қазақ тілі сөздікқорын жинақтау мәселелері бойынша атқарылған жұмыстарға шолу жасалып, минимум әзірлеу барысында негізге алынды. Мәселен, А. Байтұрсынұлы Тіл білімі институты ғалымдары құрастырған жиілік сөздігі [11], тіл үйренушінің тілдік деңгейін анықтайтын Қазтест құрастырған лексикалық минимум, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің қолдануы үшін арнайы құрастырылған лексика-грамматикалық минимум, «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы ұсынған қазақ тілінің ұлттық корпусы қорында жинақталған сөздікқор лексикалық және грамматикалық минимум құрастыруға арқау болды. Сонымен қатар әр деңгей бойынша тақырып пен сөздер санын нақтылауда «Ұлттық стандарт» негізге алынды. Бұған дейін жасалған лексикалық жинақтардың ерекшелігіне, күнделікті сөйлеу тілінде қолданыс тиімділігіне тоқталар болсақ, «Қазақ тілінің жиілік сөздігі» көркем шығармалар мен публицистикалық мақалалар негізінде жинақталған, сондықтан да сөйлеу тіліндегі қажеттілікті өтемейді. Тіл білімі институты мен Назарбаев зияткерлік мектептері бірлесе дайындаған «Лексикалық-грамматикалық минимум» [12] мектеп оқулықтары бойынша жинақталған сөздер болғандықтан да біз ұсынған талаптарға сай келмейтін тұстары бар.

Қатысымдық құзыреттілікке негізделген «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық

ғылыми-практикалық орталығы» әзірлеген «Қазақ сөзі» (137, 500, 900, 1200, 1500 сөз) қазақ тілінің жиі қолданылатын негізгі лексикалық бірліктерін қамтиды. 137, 500 сөзден тұратын минимумдар тілді жаңадан үйренушілерге арналған. Мұнда қарапайым деңгейде қарым-қатынасқа түсуге бағытталған ең маңызды сөздер топтастырылған. Аталмыш еңбекте лексикалық минимум әзірлеу қағидаттары, шетелдік ғалымдардың лексикалық минимум әзірлеудегі тәжірибелері негізге алынған. Атап айтар болсақ, жиілік, семантикалық құндылық, тақырыптық, тіркесімдік, функционалдық қағидаттары басшылыққа алынған. «Қазақ сөзі» еңбегі қазақ тілінің лексикалық минимумын жасаудағы тиімділігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар тіл үйренушілерге қажетті лексикалық бірліктерді жиілік, практикалық қолдану мен когнитивті тәсілдер арқылы меңгеруге көмектеседі. Ғылыми тұрғыдан бұл еңбек жалпы лексикалық минимум теориясы мен жиілік қағидатына негізделіп, тіл үйрену үдерісін жеңілдетуге бағытталған жүйелі әдістемені ұсынады [13].

Қазтест әзірлеген лексикалық минимум – қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтайтын тест жүйесінде қолданылатын лексикалық қор негізінде жинақталған минимум. Қазтест жүйесі шетелдік CEFR халықаралық тілдерді бағалау, оқыту стандарттарына сай әзірленген. Аталмыш минимум ең алдымен жиілік, функционалдық, тіркесімдік қағидаттарына негізделген. Лексикалық минимумға сөздер тек жиілікке байланысты ғана емес, олардың қарым-қатынастағы функцияларына қарай іріктелген. Мысалы, тұрмыстық, әлеуметтік, кәсіби, ғылыми, мәдени салаларда қолданылатын негізгі сөздер мен сөз тіркестері таңдалады. Бұл лексикалық бірліктер белгілі бір деңгейде қарым-қатынас жасауға қажетті минимумды қамтамасыз етеді. Қазтест лексикалық минимумы оқулық негізінде жасалғандықтан, кейбір белсенді лексикалық минимумдардың қосылмай қалуы байқалады [14].

Қазақ тілінің ұлттық корпусы публицистикалық мәтіндер негізінде жинақталғандықтан, сөйлеу лексикасынан біраз алшақтықтарды көруге болады. Сонымен қатар аталмыш еңбектер негізінде сандық және сапалық зерттеулер жүргізу арқылы лексикалық минимум әзірлеуде түбегейлі бір еңбекті ғана негізге алуға болмайтындығы анықталды.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда лексикалық және грамматикалық минимум әзірлеуде әлемдік тәжірибеге жүгінер болсақ, белгілі ағылшын тілінің әдіскер ғалымдар Джереми Хармер (Jeremy Harmer), Сьюзан Рагсдэйл (Susan Ragsdale), Эн Сэйлор (Ann Saylor), Мэри Спарт (Marry Sprat) т.б. өз еңбектерінде лексиканы меңгертудің маңыздылығы мен оны тиімді үйретудің жолдарын ұсынады. Жаңа сөздің тіл үйренуші санасында жатталып қалуы үшін қандай амал-әдістердің оқытушы үшін жарамды болатындығын түрлі мысалдармен дәйектеп көрсетеді [15]. Marry Sprat бастаған бір топ ғалымдар «The TKT course» еңбегінде лексиканы меңгертудің маңыздылығын былайша түсіндіреді: «...сөздің бастапқы формасын тану және оны түсіну сол сөздің барлық мағыналық қолданысын түсінуге, сөзді тану оның қандай сөз табына жататынын айыра білуге және қандай грамматикалық қызметті атқарып тұрғанын ажыратуға, ол сөзді жазып, дұрыс айтуды қалыптастырады». Сондай-ақ еңбекте тілді екінші тіл ретінде меңгерту үшін, ең алдымен, сөздік қордың дұрыс, әрі жүйелі өсу тәртібімен меңгерілуіне ерекше мән беру қажеттігі аталады.

Атақты әдіскер маман Джо Баркрофт (Joe Barcroft) пікірінше лексиканы меңгеру жазылымның түсініктілігін, мазмұнның жүйелі баяндалуын, ойдың тиянақтылығы мен оқылым тапсырмаларының жеңіл болуын қамтамасыз етеді [16]. Осы пікірден-ақ сөйлеу әрекетінің төрт түріне де (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) тіліміздің лексикалық қабаты арқау болатынын аңғарамыз. Тыңдаушылардың рецептивті оқыту дағдыларын қалыптастыру барысында ұсынылған мәтін арқылы жаңа лексиканың қолданыстық үлгісі көрнекі түрде таныстырылады. Ал тіл үйренушілердің продуктивті оқыту дағдыларын қалыптастыру және дамыту мақсаты көзделген

жағдайда нақты белгіленген лексикаларды тіл үйренушінің коммуникацияға түсу барысында қолданып көруі, жаттығуы, дағдылануы жүзеге асырылады. Тіпті грамматикалық білімнің өзі екінші тілді меңгеретін аудиторияда лексикалық қордың көлеміне тәуелді болып келеді.

Қазіргі уақытта әдістемелік еңбектерімен кеңінен танымал болған Скот Тронбери (Scott Thornbury) өз зерттеулеріне сүйеніп, екінші тілді меңгеруде тіл үйренушінің өмірлік қажеттілігін өтеу үшін шамамен 5000-дай сөз қажет болатынын атайды [17]. Бұл ана тілімізде меңгерген сөздік қорымыздың төрттен бір ғана бөлігі болып келеді. Оған қоса бұл аталған меженің 2000-ы пассив сөздер болып келетіні анықталған. Осы тұста айта кететін жайт, сөздік қорды игертуде тіл үйренушінің қажеттілігін, қызығушылығын, бейінін басты назарда ұстаған жөн (кәсібі, жынысы, жасы, әлеуметтік жағдайы, мәдени ортасы т.б.).

Тілші ғалымдардың зерттеулері бойынша тілді меңгеруге *қысқа мерзімді жады* (уақытша телефон нөмірін жаттау, емтиханға әзірлену т.б.) мен *ұзақ мерзімді жады* бірдей қатысады. Алайда екінші тілді тиісті дәрежеде меңгеру үшін, атап айтқанда, сөздік қорды күнделікті тұрмыста еркін қолдану үшін *ұзақ мерзімді жадының* маңызы өте зор.

Қорыта айтқанда, зерттеу барысында лексика-грамматикалық минимумның ғылыми-әдістемелік негіздері отандық және шетелдік ғалымдардың тәжірибелері сараланып, минимум әзірлеу қағидаттары қарастырылып, қазақ тілінің лексика-грамматикалық минимумын құрастыру барысында негізге алынды.

2. Лексика-грамматикалық минимум сипаттамасы, мақсаты мен міндеттері

Әлемдік тәжірибе негізінде қазақ тілінің мол сөздік қорын саралап, қолданыс жиілігі мен күрделілігіне байланысты зерттеу жүргізіп, A1, A2, B1, B2, C1 деңгейлері бойынша лексикалық, грамматикалық минимумдары жинағын құрастыру, оның баспа және электронды түрлерін шығарудың тиімділігі жоғары.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында туындайтын мәселелер мен оны шешу жолдарына тоқталар болсақ:

1. Тілдік материалды оқытудың мақсатына қарай таңдаймыз. Оның көлемі тіл үйренушілердің базалық деңгейіне байланысты болады;

2. Материалды ұсыну оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай бағытталады. Ана тіліне ұқсас тұстарынан бастап, ана тілі мен екінші тілдің өзгешелігіне қарай күрделенеді. Тілдік материалдың қолданылу жиілігі ескеріледі. Сөйлеудің жиі қолданылатын формаларынан бастаған жөн;

3. Тілдік материалдың қиындық деңгейі «бір сабаққа – бір қиындық» қағидатына сәйкес келуі керек;

4. Материалды ұсыну жолы мағынадан формаға; мәтіннен грамматикалық құбылысқа (коммуникативті әдіс қолданылады), кейде формадан мағынаға; жеке формадан бүтіндей мәтінге (бұл құрылымдық әдіс) қарай бағытталады.

Жүйелі құрастырылған лексикалық минимум тіл үйренушіге қазақ тілінің сөздері мен сөз тіркестерін дұрыс пайдалануға, әртүрлі жағдаяттарда тілдесуге, тақырыпқа байланысты лексикалық бірліктерді дұрыс қолдануға ықпал етеді. Минимум мағыналық тақырыптары бойынша топтарға бөлінген, әр деңгейде бастапқы тақырыптар кеңейтіліп отырады. Яғни лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымдарды тиімді таңдаудың нәтижесінде ғана тіл үйренуші жылдам коммуникацияға түсе алады.

Қазақ тілінің ортақ әдістемесін жүйеге келтіру үшін A1, A2, B1, B2, C1 деңгейлері бойынша тілдік қарым-қатынасқа еркін түсуге мүмкіндік беретін белсенді лексикалық, грамматикалық

минимум қалыптастыру **мақсаты** туындайды. Осы мақсат негізінде төмендегідей **міндеттерді шешу көзделеді**:

- қазақ тілін оқыту әдістемесін халықаралық стандарттарға сай жетілдіру;
- лексикалық, грамматикалық минимумдарды халықаралық стандарттарға сай құрастыру үшін шетелдік, отандық тәжірибені зерттеу;
- лексикалық, грамматикалық минимумның ғылыми-әдістемелік негіздемесін жасау;
- бұл іске отандық ғалымдар мен әдіскер мамандарды тарту;
- A1, A2, B1, B2, C1 деңгейлері бойынша лексикалық, грамматикалық минимумдарды талқылау;
- әр деңгей бойынша белгілі бір қағидаттар негізінде лексикалық, грамматикалық минимум қалыптастырып, оқу-әдістемелік өнім әзірлеу.

Нәтижесінде A1, A2, B1, B2, C1 деңгейлері бойынша әзірленген лексикалық, грамматикалық минимум қазақ тілінің ортақ әдістемесін жүйеге келтіруге септігін тигізеді. Сонымен қатар тіл үйренушілерге қазақ тілін деңгейлер бойынша тиімді үйренуді жоспарлауға, белгілі бір құрылымын қалыптастыруға негіз болады. Әр деңгейге арналып құрастырылған лексикалық және грамматикалық минимум негізінде халықаралық, ұлттық стандарттарға сай қазақ тілі деңгейлік оқу-әдістемелік құралдары мен сөздіктерін, тестілеу жүйесін қалыптастыруда тиімді болмақ.

3. Лексикалық минимум әзірлеу қағидаттары

Тілді оқыту немесе меңгерту үрдісі, ең алдымен, дұрыс таңдалған әдістер мен жүйелі лексикалық, грамматикалық минимумнан бастау алады. Әдістер мен отырып, оқыту және меңгертуге қатысты оқу-әдістемелік құрал әзірленеді. Өз кезегінде, оқу құралы белгілі бір ғылыми зерттеулерге сүйене отырып құрастырылды.

Лексика-грамматикалық минимум – тіл меңгеру үрдісінде маңызды рөл атқаратын негізгі құжат. Минимум белгілі бір қағидаттарға, концепцияға сүйене отырып жасалуы керектігі дәлелденген, дегенмен тілді оқыту және меңгерту әдістемесінде көптеген қағидаттар мен концепциялар бар.

Шетелдік тәжірибеге сүйенер болсақ, Н.Д. Гальскова [18] және Н.И. Гез лексикалық бірліктерді ірікетудің 7 лингвистикалық қағидасын ұсынады. Бұл қағидалар Л.В. Щерба, И.В. Рахмановтардың сөздік түзуге арналған қағидаттарымен сабақтас [19]. Олар:

- 1) басқа сөздермен үйлесімділік қағидаты – сөздердің көп сөзбен тіркесе алу қабілеті болса, оның белсенділігі де жоғары;
- 2) стилистикалық мүмкіндіктері – сөздің тек бір саламен шектеліп қалмай, барлық сөзбен тіркесе алу қабілеті;
- 3) семантикалық қабілеті – көркем-әдеби және қоғамдық-саяси мәтіндерде жиі қолданылатын кең мағыналы сөздерді іріктеу;
- 4) сөзжасам қабілеті – түбір немесе туынды сөз құру қабілеті;
- 5) сөздердің көпмағыналы болуы;
- 6) сөздердің орын тәртібі қағидаты – орын тәртібіне байланысты сөйлемдегі мағынасы;
- 7) жиілік қағидаты.

Жоғарыда келтірілген қағидаттар бойынша лексика іштей сараланып, басым бағыт сөздің қолданыс жиілігіне берілген және бұл қағидаттар тек лексикалық бірліктерге ғана емес, грамматикалық бірліктерге де қатысты.

Тіл үйренуші, ең алдымен, коммуникативтік дағдысын қалыптастырып, сөйлеп үйрену керек. Ол үшін қолдану жиілігіне байланысты белсенді лексикалық минимумды білуі шарт. Мәселен, ғалым Э.В.Гуннемарк «Тілдерді оқыту өнері» еңбегінде шет тілін үйренуші бастапқы деңгейде

қарым-қатынасқа түсу үшін 400-500 сөз бен 100 сөз тіркесін білу, әр деңгей бойынша 400-500 сөзді қосып отыру қажеттігін атап көрсетеді [10].

Кез келген тілді үйренуде қарапайым деңгейдің лексикалық минимумы күнделікті өмірде еш ойланбастан бірден ауызға түсетін сөздерден құралады. Бұл жерде ескере кететін жайт, тек дұрыс таңдалған лексикалық минимумның нәтижесінде ғана тілді тез меңгеру мүмкіндігі жоғары. Мәселен, тұрмыстық зат атаулары, жануарлар мен жеміс-жидек сияқты тақырыптар күнделікті қолданбауы мүмкін, яғни ең алдымен қажет, жиі қолданылатын сөздікқорды негізге алған жөн. Себебі лексикалық минимум ауызекі тілде қолданысқа ие, белсенді сөздерден құралады.

Сонымен қатар лексикалық минимумды әзірлеуде тек сөйлеу дағдысын ғана емес, жазылым, оқылым мен тыңдалым, айтылым дағдыларын да ескеру маңызды. Яғни әр деңгейдегі тіл үйренуші белгілі бір дәрежеде сөйлеп қана қоймай, жаза да білу үшін сол деңгейге сай грамматикалық ережелер мен құрылымдарды білуі тиіс. Белсенді лексикалық минимумды жинақтауда шетелдік ғалымдар тәжірибесіне сүйене отырып, негізгі үш принцип (статистикалық, әдістемелік және тілдік (лингвистикалық) басшылыққа алынды.

«Қазақ сөзі» топтамасымен жарық көрген еңбектерде белсенді лексиканы анықтауда төмендегі қағидаттар ұсынылады:

1. Әрбір тіл семантикалық жағынан белсенді лексиканы қалыптастырады. Адам бір тілде сөйлеп, ойын білдіру үшін соған орай сөздерді таңдайды. Яғни сөздердің семантикалық мәні алдыңғы қатарға шығады. Бұл – сөз таңдаудың семантикалық құндылық қағидаты;

2. Әрбір тілдің өз табиғатына сай тіркесу заңдылықтары болады. Демек, бұл арада біз сөздердің өзара байланысу ретіне мән беруіміз керек. Бұл – сөздердің тіркесу қағидаты;

3. Бастапқы деңгейде тіл үйретуде ауыспалы мағынадағы сөздердің, архаизмдердің, неологизмдердің, терминдердің, диалектілердің алынбағаны жөн. Яғни, өзге тілді тіл үйретушіге біз номиналды мағынадағы сөздерді ұсынамыз. Бұл – мағыналы сөздерді ғана таңдау қағидаты;

4. Белсенді лексика, күнделікті өмірде ең жиі қолданылатын сөздерден тұрады. Бұл – жиілік қағидаты;

5. Тілдің сөзжасамдық жағы да ескерілуі тиіс, өйткені әрбір тілдің сөзжасамдық ерекшеліктері бар. Бұл – сөзжасам мүмкіндігі қағидаты;

6. Күнделікті өмірде адам белгілі бір ортада әрекет етеді, соған орай таңдаудың тақырыптық қағидаты шығады.

7. Тілдегі жекелеген сөздер тіркесуі және сөйлемге айналып, қажетті ойды білдіруі үшін грамматикалық минимум да қажет. Сондықтан сөз іріктеуде грамматикалық қағидат ескерілуі керек [13].

Жоғарыда көрсетілген зерттеулер негізінде лексикалық минимумды әзірлеу барысында келесі қағидаттар басшылыққа алынды:

- *Коммуникативтік қағидат*. Бұл белгілі бір тақырып бойынша белсенді қарым-қатынасқа еркін түсе алатын сөздікқорды қамтиды. Тілдік мазмұнның күнделікті өмірлік жағдаяттарға құрылуы, тіл үйренушілердің сөйлесім әрекетіне бейімделуі бұл әдістің тиімділігін арттырады.

- *Функционалды-семантикалық қағидат*. Мұнда толық лексикалық мағынасы бар сөздер мен олардың функционалдық грамматикамен сабақтастығы ескерілуі керек.

- *Жиілік қағидаты*. Бұл лексикалық минимумның қолданыс жиілігіне, белсенділігіне қарай салыстыру жұмыстарын жүргізуге бағытталады. Дегенмен кейбір сөздердің қолданыс аясына байланысты актив/пассив болуын ескеру шарт.

- *Тақырыптық қағидат* – белгілі бір тақырып аясында белсенді сөздікқорды жинақтау. Мұнда тілдік, мәдени ерекшеліктерді негізге алу шарт. Мәселен, түрік тілінің белсенді лексикалық қорына көбіне саяхат, туризм тақырыбы еңсе, орыс тілінде әріптік сөздіктер басым келеді.

- *Тіркесімділік қағидаты* – сөздердің басқа сөздермен және грамматикалық құрылымдармен тіркесімдік белсенділігі.

Ескере кететін жағдай, лексикалық, грамматикалық минимум құрастыруда әр тілдің ұлттық және мәдени ерекшеліктері басшылыққа алынуы маңызды. Тілдік бірліктердің қолданысында ұқсастықтар мен айырмашылықтар болса да, олар өзара тығыз байланыста болады. Лексикалық және грамматикалық бірліктердің номинативті мағынасы, яғни «түпкі мағынасы» болады. Мәселен, етістіктерді беруде немесе зат есім, сын есімдерден болған туынды сөздерді лексикалық минимумға қосуда бірізділік сақталмайды. Лексикалық минимум құрастыруда етістіктер инфинитив түрінде берілсе, кей жағдайда күнделікті қолданыста туынды сөздер белсенді екенін аңғаруға болады (ақылды – ақыл, білімді – білім, жасалған – жасау, өрт сөндіруші – өрт сөндіру). Бұл да тілдік ерекшеліктерге байланысты туындаған қағидаттың бірі болып отыр.

Лексикалық минимум түзуде ғалымдардың пікірінше және зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сандық және сапалық көрсеткішке басты назар аудару қажет. Дегенмен зерттеуші В. Дресслердің (W. Dressler) пікіріне сүйенсек, сандық көрсеткішке аса мән берудің қажеттілігі жоқ екендігін көреміз [20]. Егер сөздің сандық көрсеткішіне назар аударатын болсақ, төмендегі жайттарды ескеруіміз қажет:

- сөздің жазбаша немесе ауызша тілдегі жиілігі;
- сөздің қандай бағыттағы (ресми, көркем т.б.) мәтіндерде жиі кездесетінін анықтау.

БАҚ, көркем әдебиет, құжат тілінде, т.б. жазба мәтіндерде жиі қолданатын бірлік ауызша тілде соншалықты жиі болмауы мүмкін немесе керісінше. Мысалы, «бол» етістігі жазба тілде және ауызша тілде де өте жиі кездесетін бірлік. «Жиілік сөздікте» бірінші орында «бол» етістігі тұр. Ол «Қазақ тілі жиілік сөздігіне» нысан болған қазақ тілі мәтіндерінде 47716 рет қайталанып кездеседі екен. Бұл барлық мәтіннің 2,27%-ын құрайды. Жиілік сөздікте таза жазба мәтіндер негізінде сандық көрсеткіш анықталғанымен, сапалық көрсеткіш берілмеген. Сондықтан лексикалық, грамматикалық минимум құрастыруда екі көрсеткішті қатар алу ескерілді.

Екінші тілді меңгерту бойынша алғашқы шыққан жиілік сөздік немесе сөздер тізімі 1921 жылы жарыққа шыққан. Е.Л. Торнондайк (E.L. Thorndike) бұл еңбегінде 41 дереккөзді пайдалана отырып, жиі кездесетін 10 000 сөз тізімін жасаған [21]. Аталған еңбек мұғалімдерге арналғанымен, тіл үйренуші үшін де маңызды. Дегенмен осы сөздер тізімі арқылы мұғалім үйренушіге қандай сөздерді бірінші кезекте беру керектігін біледі. Лексикалық минимум түзу кезінде осы қағидаты басшылыққа алынды. Сонымен оқытушы құрастырылған минимумнан қажетті сөздерді іріктей отырып, үйренушіге жеткізеді. Мысал ретінде «бол» етістігін алайық. Етістік өте жиі қолданылады. Алайда деңгейге сай қай мағынасын немесе грамматикалық өзгерісін беру қажет екендігін ескеру маңызды. Мұндайда «бол» етістігінің сапалық көрсеткішін басты назарда ұстаймыз. Лексикалық минимум екінші тіл үйренушілерге арналғандықтан, «бол» етістігін тіл үйренушінің ана тілінде қандай формаларда берілетінін анықтау қажет, әрине бұл толық жүзеге аспауы мүмкін. Сондықтан сабақ беру барысында мұғалім тілдік ортада салыстырып, түсіндіруі тиіс. Лексикалық минимум құрастыруда бұл ерекшелік те ескерілді. А. Абасилов: «Қазақ тілін екінші тіл ретінде қарапайым деңгейде меңгерудің лексикалық минимумы шамамен 800 бірлік, базалық деңгейі – 1300, сертификаттау деңгейі 2300 бірлікті құрайды», - дейді [22].

Жалпы лексикалық минимумда меңгерілуі тиіс сөздер бойынша зерттеу жүргізе келе, ғалымдар оқушылардың оқу мерзімінің белгілі бір аралығында міндетті түрде меңгеруге тиісті лексикалық бірліктердің болатынын алға тартады. Сондай-ақ лексикалық минимумның сандық және сапалық құрамы оқу мақсатына, оқу кезеңі мен тілді үйренуге бөлінген оқу сағатының санына байланысты болатындығын және белгілі бір қағидаттарға сүйенетіндігін айтады. Оқу қағидаттары: статистикалық қағидат (сөздерді іріктеу белгісі мен оның жиілігі, кең өрістігі,

қолданыс аясының кеңдігі, қажеттілігі немесе даярлығы жатады); әдістемелік қағидат (оқыту кезеңі, қатынас саласы мен тақырыбы есепке алынады); лингвистикалық қағидат (сөздердің тіркесім қабілеті; сөзжасам қабілеті; стилистикалық мүмкіндігі, т.б. негізге алынады).

Берілген қағидаттарды басшылыққа алу кезінде жекелеген сөздердің тілдік табиғатына назар аудару керек. Мысалы, одағайларды алсақ, лексикалық минимум түзу барысында бірінші сапалық қағидатты ұстандық. Себебі одағайлардың сөйлеу тілінде жиі кездесетінін ескеру керек. Тілді меңгерту – бұл бір мезетте сөйлеудің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық дағдыларын қалыптастыру. Грамматика, біріншіден, сөздердің өзгеруі мен сөзжасамы, мағыналы сөйлемдер мен айтылымдар құраудың заңдылықтары зерттелетін тіл білімінің бір саласы болса, екіншіден, сол тілдің ерекшелігін көрсететін құрылым. Қазақ тілін меңгерушілердің грамматикалық жүйені меңгеруі – олардың қазақ тілінде қарым-қатынасқа түсе алуының қажетті шарты. Тілді меңгеру мен оны одан әрі жетілдіру үшін қажетті құрылымдық негіздің бірі грамматика болып табылады. Лексикалық және грамматикалық минимум – сол тілде сөйлеуге қажетті тілдік құралдар.

4. Грамматикалық минимум әзірлеу қағидаттары: грамматикалық тіркесім, құрылымдық, функционалдық бағыты

Қазақ тілі грамматикалық құрылысы жағынан агглютинативті (лат. agglutination – желімдеу, жапсырылу) тілдер тобына жатады. Жалғамалы тілдерде белгілі бір грамматикалық мағынаны білдіру үшін дербес қосымша жұмсалады. Қосымшалар түбірге бірінен соң бірі тіркесе жалғанады. Қосымшалар қосылғанда түбір немесе негізгі түбір, негізінен, өзгеріссіз қалады. Қосымшалар белгілі бір ретпен, заңдылықтармен жалғанып отырады. Сондықтан да қазақ тілін қарым-қатынас тілі ретінде грамматикасыз меңгеру мүмкін емес.

Грамматиканы үйретудің екі жолы бар. Бірінші, тілді ана тілі ретінде оқытуда қазақ тілі туралы ғана мағлұмат беріліп, грамматика бірқалыпты (сызықтық сипаттама) жан-жақты лингвистикалық тұрғыда сипатталып түсіндіріледі. Екінші, тілді шет тілі ретінде оқытуда грамматикалық материал түрлі деңгейге сай функционалдық тұрғыда сипатталып түсіндіріледі. Бұл оқыту түрінде барлық материал екшеліп ұсынылады. Сондықтан да грамматикалық минимум жасалады. Яғни тілді ана тілінде оқыту мен шет тілі ретінде оқытуда үлкен айырмашылық бар.

Грамматика – тілдік қарым-қатынас жасаудың құралы. Шет тілі ретінде оқытуда, онсыз тіл үйренуге болмайды. Грамматиканы оқыта отырып, сөйлеу әрекетінің 4 түріне (тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу) машықтандыру, 30% түсіндіру, 70% сөйлеу дағдыларын дамыту қажет болады. Ана тілі ретінде оқыту аудиториясында, тілдік құзыреті қалыптасқандар отырады. Олар тек дұрыс оқып, жазуды үйренеді.

Грамматикалық минимум – сөйлеуді морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан дұрыс құрастыруға арналған арнайы грамматикалық құбылыстардың (грамматикалық формалар, құрылымдар, сөздердің сөйлемдегі түрлену мен жасалу ережелері) жиынтығы.

Грамматикалық минимумның мақсаты – деңгейлік бағдарламада берілген салалар мен тақырыптар аясында тілдік қарым-қатынасқа түсуді қамтамасыз ете алатын грамматикалық құбылыстарды игеріп шығу. Ал грамматиканы оқытудың мақсаты тіл меңгерушілердің сөйлеу әрекеттерінің (сөйлеу, тыңдалым, оқылым, жазылым) маңызды компоненті ретінде грамматикалық дағдыларын қалыптастыру.

Грамматикалық минимумды құрастырудағы негізгі талап:

1. Практикалық қарым-қатынас кезінде грамматикалық минимумның жеткілікті болуы;
2. Нақты жағдаятта қолдану үшін грамматикалық материалдың шынайы жұмсалуы.

Грамматикалық минимум жасау қажеттілігі. Бүкіл грамматикалық материалды игеру

мүмкін болмағандықтан және деңгейлік оқытуда белгілі бір шектеулердің болуы нәтижесінде грамматикалық минимум жасаудың қажеттілігі туады. Тіл үйренушілер грамматикалық материалдың бір бөлігін ауызша сөйлеулерін құрастыру үшін меңгерсе, екінші бір бөлігін тыңдалым мен оқылымды түсінуде танып білуі қажет. Сондықтан грамматикалық минимум *актив грамматика және пассив грамматика* деп екіге бөлінеді [19]. Мұндағы актив грамматика сөйлемде мағыналық жағы басым болып, жиі қолданылатын грамматикалық көрсеткіштер. Бұл көбіне сөйлесуге тиесілі формалар. Ал пассив грамматика – мәтін құрамында тұрып, түсінікті болатын, форма жағынан анықталатын грамматикалар. Ол оқылым мен тыңдалымда көбірек ақпарат алу үшін танып, түсінуге қажет грамматикалық көрсеткіштер.

Ұсынылып отырған грамматикалық минимум тіл меңгерудің бастапқы (A1) деңгейінен бастап, базалық (A2), жалғастырушы (B1, B2), жоғары (C1) деңгейлеріне дейін топтастырылған.

Бұл грамматикалық минимумды әзірлеуде жоғарыда айтылған барлық мәселелер ескеріледі. Грамматикалық материал қарапайымнан күрделіге ұстанымы бойынша әр деңгейге жинақталып беріледі. Бастауыш деңгейдің грамматикалық минимумы қазақ тілінің анағұрлым жиі қолданылатын морфологиялық формаларын, синтаксистік құрылымдарын қамтиды. Яғни мынадай жағдайлар ескерілуі тиіс:

- нақты грамматикалық құрылымның ауызша және жазбаша сөйлеуде қолдану аясының кеңдігі мен жиілігі;
- грамматикалық құбылыстардың стилистикалық бейтараптығы (аса көп эмоционалды-экспрессивті реңктің болмауы);
- модельдік (грамматикалық форманы немесе құрылымды жаңа формалар жасауға модель ретінде қолдану мүмкіндігі);
- синонимдер мен синонимдік құрылымдардың болмауы;
- лексикалық минимумның шектелуі.

Тіл меңгерудің одан жоғары деңгейлерінде әр грамматикалық категория коммуникативтік мақсат-міндетке сай екшеленіп, күрделілігіне қарай толықтырылады. Тіл меңгерудің (A2) деңгейінде базалық грамматика толық беріледі. Ал кейінгі орта (B1) және ортадан жоғары (B2) деңгейлерінде өзіне тиісті грамматикалық минимум жасақталды. Әр деңгейде өзіне сай жаңа коммуникативтік міндеттерді шешуге арналған грамматикалық материалдар толықтырылып, бастапқы A1 деңгейде дайын күйінде берілген сөзжасамдық құрылымдар жоғары деңгейлерде толықтырылып, олардың жасалу жолдары нақты көрсетіледі.

Тіл меңгерудің жоғары (C1) деңгейінде тіл үйренуші үлкен мәтіндермен жұмыс істеуді үйренеді. Мұнда мәтін түрлері, олардың стилі, логикалық құрылымы, ойды дәлелдеу, аргументтеу, сыни ойлау, салыстыру, бағалау, түрлендіру т.б. жұмыстарды жүргізуге дағдыланады.

Грамматикалық минимуммен жұмыс жасау ұстанымы: функционалдық грамматика. Берілген грамматикалық минимум функционалдық тұрғысынан қарастырылуы қажет. Тілді шет тілі ретінде оқытудың басты мақсаты – коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін тіл үйренушінің тілдің жүйесі туралы, оның сөйлем құраудағы қызметі туралы түсінік қалыптасуы керек. Ол үшін үш түрлі құзыреттілік ескеріледі.

1. Тілдік құзырет (тіл жүйесін ұғу, фонетика, морфология, синтаксис, сөзжасамды білу);
2. Сөйлеу құзыреті (грамматикалық модельдер бойынша сөйлемді дұрыс құрай білу дағдылары);
3. Коммуникативтік құзырет (түрлі жағдаяттарда тілдік қарым-қатынасқа түсе алу).

Олай болса, тілді шет тілі ретінде үйрету үшін коммуникативтік мақсатқа жетуге қажетті тілдік материалды (лексика мен сөйлем құрау ережелері мен грамматикалық бірліктердің қызметін) жағдаят пен діттеген мақсатқа сай таңдап, орынды қолдана алуға дағдыландыру қажет. Кез келген

грамматикалық форманың сөйлем құрылымындағы мағынасы болады. Бұл грамматиканың функционалды жағы.

Әр деңгейдің мақсат-міндетіне сай грамматика таңдап алынғанда, оның функционалдық маңыздылығы, қолдану жиілігі (актив, пассив грамматика), қолдану формасы, олардың ұсыну реті нақты анықтап алынуы қажет. Мұндағы актив грамматика – сөйлемдегі мағыналық жағы басым болып, жиі қолданылатын грамматикалық көрсеткіштер. Олар көбіне сөйлесім мен жазылымға тиесілі формалар. Ал пассив грамматика – мәтін құрамында тұрып, түсінікті болатын, форма жағынан анықталатын грамматикалар. Ол оқылым мен тыңдалымда кездесіп отыратын грамматикалық көрсеткіштер, функционалдық тілдік қарым-қатынасқа негізделеді. Грамматикалық материалды түсіндіргенде, сурет, кесте, тілдік ойындар, дайын үлгілер молынан қолдану тиімді. Өйткені сөз, алдымен, сөйлеу бірлігі ретінде танылады. Оның формалдық жағы емес, мағыналық жағы басым болады. Тілдік құралдар: лексика мен грамматикалық формалар сөйлеу ниетіне қарай таңдап алынады да, тек қолдануында ғана оның тілдік заңдылықтары ашылады.

Функционалдық ұстаным тілдік материалдың ретін де анықтай алады. Неден кейін нені беру керек деген мәселені шеше алады. Мағынадан формаға бағытталған материалда оқушылардың назары формаға емес оны қалай қолдану керек екеніне ауысады. Мысалы: «Бүгін бұйрық райды өтеміз» дегеннен гөрі, «Бүгін біз дүкеннен нан сатып аламыз» десеңіз, бұнда грамматикалық форманы емес, оның сөйлемдегі мағынасын, функциясын көрсетесіз.

Сөздерді дұрыс тіркестіру, сөздерді өзгерте алу, жаңа сөз жасай алу, сөздерді түрлендіре алу – тілді қарым-қатынас құрал ретінде пайдалана алудың негізі шарты. Оқыған тілдің грамматикасын меңгеру тек ауызша және жазбаша жақсы сөйлеуге үйретіп қана қоймай, тыңдалым мен оқылымда айтылған, оқылған мәтінді түсініп қабылдауда да маңызды болмақ. Мұндай жетістікке жетудің алғы шарты – дұрыс таңдап алынған жаттығулар кешені. Лингвист ғалым Е.И. Пассовтың айтуынша бұл кешенде жаттығуларды үш түрлі топқа бөліп берген тиімді [23]:

- ✓ Сөйлеу дағдыларын қалыптасыруға арналған жаттығулар;
- ✓ Сөйлеу дағдыларын жетілдіруге арналған жаттығулар;
- ✓ Сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар;

Қорыта айтар болсақ, ұсынылып отырған нұсқаулық қазақ тілін оқытудың мазмұнын бірегейлендіріп, тіл үйренушінің әр деңгей бойынша қол жеткізетін коммуникативтік, лингвистикалық және елтанымдық құзыреттерін, сондай-ақ өзара қарым-қатынасқа түсу мақсаты мен міндетін шешуде тілші мамандардың тиісті біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға септігін тигізетін оқу-әдістемелік құрал. Сонымен қатар қазақ тілін оқыту мазмұны мен технологиясын жетілдіріп, тілді меңгеру сапасын арттыруға ықпал етеді. Әр деңгей бойынша сараланған лексика-грамматикалық минимум оқытудың мақсаттарын нақты қоюға, оқытудың түпкі нәтижелері мен оны анықтаудың дискрипторларын жүйелеуге, нәтижеге бағытталған жаңа мазмұндағы білім беруді бағалауға мүмкіндік береді.

Тіл үйрену тәжірибесінде лексикалық және грамматикалық минимумдарды қатар үйрену міндетті түрде ұштасып отырады. Лексикалық минимум сөздікқордың кеңеюіне, белсенді және пассивті сөздікқордың қалыптасуына ықпал етеді, ал грамматикалық материал негізінде дұрыс сөйлем құру, дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді. Лексикалық минимум қазақ тілін меңгерудің әрбір деңгейіне сәйкес келетін (қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер) минималды сөздер мен сөз тіркестерінің жиынын қамтыды. Минимум қазақ тілін өз бетінше үйренуге және қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалауға бағытталған. Минимум тілді үйренудің отандық және еуропалық стандарттарының принциптеріне, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шонанов Т. Самоучитель киргизского языка для русских. – Оренбург: Киргосиздат, 1925. – 99 с.
2. Шонанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы (Қазақ тілінің оқу құралы, 1933). Т.1. – Алматы, 2012. – 247 б.
3. Лапатухин М.С. Очерки по методике казахского языка в русской школе. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1940. – 43 с.
4. Сарыбаев Ш. Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту тәжірибесінен. – Алматы, 1940.
5. Оралбаева Н. Қазақ тілін үйрену курсының программасы. – Алматы: Мектеп, 1987 – 75 б.
6. Оралбаева Н., Жаксылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 20 б.
7. Бектуров Ш., Бектуров А. Казахский язык. – Алматы: Рауан, 1994. – 240 б.
8. Аяпова Т. Қазақ тілі: екінші шетел тілі ретінде тереңдетіп оқытуға арналған оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 41 б.
9. Introductory Guide to the Common European Framework of Reference (CEFR) for English Language Teachers. // <https://tracktest.eu/english-grammar-cef-level-requirements/>
10. Гуннемарк Э.В. Искусство изучать языки. Санкт-Петербург: ТЕССА, 2001. – 118 с.
11. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – 792 б.
12. Қазақтілді емес сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 1-11 сынып оқушыларына арналған лексикалық-грамматикалық минимум. – Астана, 2017. – 141 б.
13. Тілешов Е., Әбдрахманова З., Есбосынова Л. Қазақ сөзі: 137 сөз. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015. – 110 б.
14. Күзекова З.С., Аяпова Т.Т., Оразбаева Ф.Ш., Мамаева М.Қ. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2017. – 40 б.
15. Sprat M., Pulverness A., Williams M. Teaching Knowledge Test Course. – Cambridge: University of Cambridge, 2005. – 188 p.
16. Barcroft J. Second Language Vocabulary Acquisition: A Lexical Input Processing Approach. // Foreign Language Annals. – 2008. – №37(2). – p. 200-208.
17. Thornbury S. How to teach vocabulary. – Edinburgh: Pearson Education Limited, 2002. – 185 p.
18. Гальскова Н.Д. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика: учеб. пособие для студентов лингвист. ун-тов и фак. ин. яз. высш. учеб. заведений. – Москва: Академия, 2004. – 336 с.
19. Щерба Л.В. Преподавание иностранных языков в средней школе. Общие вопросы методики. – Москва: Едиториал УРСС, 2004. – С. 319-338.
20. Dressler W. Introduction to Text Linguistics. – New York, 1981.
21. Thorndike E.L. The Teacher's Word Book. – New York City, 1921.
22. Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Алматы: 2016. – 168 б.
23. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – Москва: Просвещение, 1991. – 223 с.

**ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ
ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМЫ
ҚАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙ (А1)**

Авторлар: А.Қ. Балабеков, Н.Ж. Дәулеткереева, Л.М. Демесінова,
Ж.М. Исакова, А.М. Қалиева, Г.А. Мұсаева, Ж.Сүйінжанова

Сарапшылар: Н.Ж. Бекеева, Ғ.Қ. Резуанова



Пішімі 60x84_{1/8} Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 6.51

Таралымы 1000 дана.

Қазақ ТІЛІНІҢ

ЛЕКСИКА-
ГРАММАТИКАЛЫҚ
МИНИМУМЫ

A1

ҚАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙ

